

## **XVIII ғ. басында Осман империясы мен Ресей арасындағы сауда қатынастары**

### **Аңдатпа.**

Ұсынылып отырған ғылыми мақала, XVIII ғасырдың басындағы Осман империясы мен Ресей арасындағы сауда қатынастарын зерттеуге арналады. Бұл кезеңде, бүкіләлемдік капиталистік қатынастардың дамуы тез қарқын ала бастаған тұста, оның басты принциптерінің бірі халықаралық сауда ісі болып, ол империалистік мемлекеттер арасында халықаралық сауда қатынастарының тез қарқынмен дамуына түрткі болды. Соның негізінде, бұл уақытта бүкіләлемдік империализм көшіне ілесіп келе жатқан Ресей мен өз тарихында ішкі құлдырау процесін бастап келе жатқан Осман империясының арасында сауда қатынастары бір жолға қойыла бастады. Ресейді әлемдік империялардың қатарына қосуға асыққан I Петр бұл мақсатқа жетудің бірден-бір жолы мемлекеттің экономикалық қуатын күшейтуді көздеп, оның негізін халықаралық сауда қатынастарынан іздеді және осы мақсатпен Ресей патшасы, Осман империясымен сауда қатынастарын орнатты. Ресей мен Осман мемлекетінің арасындағы сауда қатынастарының заңды жолға қойылып, оның дамуында Ресейдің Стамбулдағы алғашқы тұрақты және өкілетті елшісі П.А.Толстойдың еңбегі ерекше. Мақалада, осы аталған процестерге ғылыми талдау жасалады және XVIII ғасырдың басындағы Осман империясы мен Ресей арасындағы сауда қатынастарының тарихы қарастырылады.

**Кілт сөздер.** Осман империясы, Ресей, Сауда қатынастары, П.А.Толстой.

XVIII ғасырда Ресей мен Осман империясы арасындағы сауда қатынастары Азов пен Кефе қалаларындағы орыс саудагерлерінің сауда әрекеттері нәтижесінде жаңаша өріс алған болатын. Соның негізінде бұл уақытта екі мемлекеттің сауда қатынастары жақсарды. Алайда, бұл кезеңдегі орыс-түрік сауда қатынастары II Баязид немесе I Селім сұлтандар басқарған кездегідей қарқын ала алмады. Бұл уақытқа дейін Ресейде түрік саудагерлері тоқыма өнімдері мен мата сататын болса, орыс көпестері Осман империясында жүн және жүннен тоқылған киімдер мен өнімдерді саудаға салатын болған [1, 232 б].

XVIII ғасырға дейін-ақ, орыс көпестері негізінен сыртқы саудаға баса мән берген. Олар Дон, Волга, Двина өзендері мен Қара, Каспий, Азов теңізінің жағалауындағы халықтарға өз өнімдерін сатып және осы өңірлердегі рыноктарда саудамен айналысқан [2, 412 б]. Орыс сауда кемелері тіпті, Стамбулға дейін келіп, мұнда ірі сауда орындарында өз өнімдерін шығарып отырған. Алайда, Стамбулда орыс саудагерлері көбінесе үлкен

кедергілерге тап болатын еді [3, 12-18 б.б.]. Мұның себебі, бұл кезеңде Қара теңіз Осман империясының ішкі көлі болғандықтан, мұнда жергілікті билік өкілдері оларға салықты көптеп салатын болған және олар кей жағдайларда тонауға ұшырап отырған [4, 15 б.]. Сол уақытта халықаралық сауда ісінің орталығына айналған Стамбул мен Қара теңіз аймақтарында орыс көпестеріне еркін сауда жасау құқығы берілмеді. Алайда, орыс саудагерлерінің еркін сауда жасауы және оларға баж салығын аз төлеу үшін үкіметаралық келіссөздер жүргізіліп жатты. Осындай келіссөздерді Ресейдің Стамбулдағы алғашқы тұрақты және өкілетті елшісі П.А.Толстой (1702-1714) осман үкіметімен бірнеше рет жүргізіп, осман үкіметіне өз өтінішін білдірген. Алайда, мұндай келіссөздердің барлығы айтарлықтай нәтиже бермеген [5, 186 б.]. Орыс саудагерлеріне осман үкіметі тарапынан мұндай құқық тек 1774 жылы Кучук-Кайнаржа келісіменен кейін ғана берілді.

XVIII ғасырда Мәскеу Ресейдің ең ірі сауда орталықтарының бірі болып қала берді. Мұнда, Еуропа мен Азияның мемлекеттерінен, Шығыс елдерінен саудагерлер келіп, сауда жасады. Тоқыма, шыны өнімдері мен күнделікті тұрмысқа қажетті басқа да бұйымдар Мәскеу базарларында саудаланды. Алайда, қаланың инфраструктурасы мен халықтың тұрмыс тіршілігі оны халықаралық сауда орталығына айналуына кедергі болды. Өйткені, қашан да болмасын, кез-келген қаланың дамуы мен оның сыртқы саудадағы ролінің күшеюіне жергілікті халықтың тұрмыс деңгейі мен күнделікті өмірі, менталитеті әсер етіп отырған [6, 65-66 б.б.]. Осыған орай, 1697 жылы наурызда Осман мемлекетіне қарсы еуропалықтармен одақ құру мақсатында «Еуропа саяхатына»<sup>\*</sup> шыққан І Петр, Ресейге қайта оралған соң Ресейде еуропалық үлгіде салынған және халықаралық сауда орталығына айналдыруға тұрарлық үлкен бір қала тұрғызуды жоспарлады. Бұл қаланы ол 1703 жылы Балтық теңізінің жағалауында батпақты жерге тұрғызды. Қалаға Петербург деген ат беріп, оны мемлекеттің астанасы деп жариялады. Уақыт өте Петербургте сауда ісі жанданып, Ресейдің Осман империясындағы саудагерлері енді келіп, осы қаланы паналай бастады. Уақыт өте саудасы қызу дамыған Петербург халқының санасында батыстану идеясы дамып, бүкіләлемдік капитализм көшінен кеш қалмауға тырысқан Ресей әкімшілігі үшін бұл өте маңызды болды. Ресейдің жаңа астанасы Петербург, Ресей мен Осман империясы арасындағы сауда қатынастарының жүргізілуіне жаңаша бір серпін берді. Елші П.А.Толстой екі ел арасындағы сауда қатынасының осылай даму керектігін түсініп, Ресей әкімшілігіне берген есептерінде оның Ресей үшін маңыздылығын баса айтқан [7, 38 б.].

Ресей патшасы І Петрдің басты геосаяси жоспары әлемдік теңізге шығу болып, ол Швециямен болған Солтүстік соғыстың нәтижесінде Балтық теңізіне шыққан соң, көрші елдермен, әсіресе Еуропа мемлекеттерімен теңіз арқылы сауда қатынастарын жүргізуді қолға алды. І Петрдің мұндай

---

<sup>\*</sup> Бұл уақытта Осман империясы Еуропа мемлекеттерімен жан-жақта соғысып жеңіліс тауып жатқандығын көрген І Петр, осы сәтті ұтымды пайдаланып, еуропалықтармен бірге Осман империясына қарсы соғысады және соғыс нәтижесінде 1700 жылы Стамбул келісімі жасалып, ол бойынша Осман империясы Азов қамалы мен бірқатар аудандарды Ресейге береді.

қадамдарының нәтижесінде екі құрлық арасында сауда ісі дамып, ол Ресейдің экономикалық қуатының күшейе түсуіне серпін берді [8, 213 б.]. Алайда, XVIII ғасырдың басында орыс-түрік сауда-экономикалық қатынастарының дамуы бұлай өрбіген жоқ. Мұның басты себебі, Ресей өзінің сауда кемелерін Қара теңізде еркін, ешбір артық шығынсыз және ешқандай кедергісіз жүздіргісі келді. Ал, Осман империясы керісінше, Қара теңіздегі шетелдік сауда кемелерінен баж салығын күшейтіп, Ресейлік сауда кемелерін мүлде кіргізбей қойды [9, 89 б.]. 1700 жылы Стамбул келісімі бойынша Азов қамалының Ресейге өтіп кетуі түрік саудасына кері әсерін тигізді.

XVIII ғасырдың басында Осман империясы мен Ресей арасындағы сауда жолдары негізінен үш бағыт бойынша жүргізілген. Бірінші сауда жолы, Стамбул-Кефе-Азов-Дон-Мәскеу бағыты бойынша жүргізілді. Бұл жол орыс саудагерлерінің және дипломаттарының жолы болды. Екінші жол Мәскеуге Қырым территориясы арқылы жүргізілді. Бұл жол қысқа болғанымен, қауіпті болды, сондықтан орыс саудагерлері бұл жолмен көп жүрмеген. Тек топ болып көпшілікпен жүріп өтетін болған. Үшінші жол Польша, Литва арқылы жүріп өтіп Украинаға, одан соң, Смоленск мен Вязьмаға жетіп, одан әрі қарай Мәскеуге жететін болған. Саудагерлер көбінесе осы жолды таңдап, бұл жолмен сауда керуендері ұдайы жүріп отырған [10, 756-757 б.б.]. Саудагерлердің жол жүру бағыттарына мемлекеттер арасындағы саяси жағдай ықпал етіп отырған. Мысалы Ресей мен Қырым хандығының арасындағы саяси тартыстар нәтижесінде бұл аймақпен өтетін жолдар жабылып отырған. Екіншіден, Ресей мен Польша арасындағы саяси ахуалдың тұрақсыздығына байланысты Польша арқылы өтетін жолдар да өз қызметін тоқтатып қоятын болған. Запарожье казактарының көтерілістеріне байланысты бұл аудандардағы сауда және Днепрден өтетін сауда жолына қауіп төндірді. Аталған сауда жолдарының мемлекетаралық саяси жағдайдың шиеленісуіне орай, Осман империясы мен Ресей арасындағы сауда байланыстары уақыт ағымына сәйкес тоқтатылып отырған. Тек мемлекетаралық саяси мәселелерді шешкеннен соң ғана бұл жолдардың қызметі қайта жандана түскен [11, 256-248 б.б.]. Осындай саяси кедергілерге байланысты П.А.Толстойдың елшілігі кезінде Осман империясында болған орыс саудагерлерінің саны өте аз болды. алайда, сауданың бұлай аз болуын тек саяси кедергілердің әсерінен ғана көруге болмайды. Оның басқа да өзіндік себептері болды. Тағы бір маңызды себеп, ол екі мемлекет арасында сатылатын тауар түрлері мен өндірілген шикізаттың сапасына да мән беру қажет. Осман мемлекеті алғашында Ресейден бағалы аң терілерін (бұлғын, ақ тышқан, түлкі т.б.) және ау құстары (бүркіт, қыран т.б.) мен морж сүйектерін, кен өндіру құралдарын, тау-кен өнімдерін (сынап, темір, т.б.) алатын болған [12, 343 б.]. Осман мемлекетінің Ресейден сатып алған бұл тауарлары үкіметке қажет болып, алайда халық арасында кең қолданысқа ие бола алмады. Ресей болса, Осман империясынан тері, кілем, түрлі дәмдеуіштер мен күнделікті тұрмысқа қажетті басқа да заттар алып отырды. Ресейге Осман мемлекетінен келген тауарлардың атауы келген қаланың атымен аталды. Егер тауар Бурсадан келген болса, Бурская, Амасьядан келген болса,

Амасийская, Кастамонудан келген болса, Кастомонская деп аталатын болды [13, 93-94 б.б.]. Осман империясынан келген тауарлар арзандау болуына байланысты халық арасында кең сұранысқа ие болды. Сонымен қатар, бұл уақытта Осман империясы мен Ресей арасындағы сауда қатынастарының аздап шегерілуіне Ресейдің Архангельск портының ашылуы мен онда Ресейге тұтынатын негізгі тауарлардың басым бөлігінің Еуропа мемлекеттерінен әкелінуі себеп болып, ол екі мемлекет арасындағы сауда қатынастарының саябырсып қалуына негіз болды. Алайда бұл порт қыс мезгілінде алты ай мұз құрсауында қалатын болғандықтан, І Петр мұндағы сауда базаларын Петербургке көшіреді. Осыдан бастап мұнда жыл бойына сауда-саттық үзіліссіз жүргізіледі. Алайда, Петербургтегі сауда базарларына көбінесе еуропалық өнімдер келіп жатты. Бұдан шығатын қорытынды, егер Ресей үкіметіне Осман империясынан тауар тасу қиындаған жағдайда Еуропа мемлекеттерінен тасып әкелуге дайын болды [14, 125 б.].

П.А.Толстойдың өзінің елшілігі кезінде «Осман империясында саудагерлікпен айналысқан адамдардың саны өте аз болды» - деп жазады. Ресейдің Осман империясындағы алғашқы тұрақты және өкілетті елшісі П.А.Толстой, бұл қызметке келмес бұрын басталған орыс саудагерлерінің Осман империясының территориясында тоналу әрекеттері, ол елші болып келген кезде де жалғасып жатты. Бұл кезде ресейлік Игорьь, Козмо есімді атақты саудагерлер Осман империясының территориясында тоналған. Олардың ішінде әсіресе Осман империясының Мысыр провинциясынан тауар тасыған орыс көпестеріне қауіп көбейе түскен. П.А.Толстой елші болып келген уақытта ресейлік саудагерлердің тоналуына тосқауыл қою туралы осман үкіметіне өтініш жасайды. Ол екі мемлекет арасындағы сауда қатынастарын реттеп, оны дұрыс жолға қоюға кірісті [15, 15 б.].

Стамбулдағы Ресей елшісі П.А.Толстой, осы уақытта Осман империясындағы еуропалықтардың сауда және дипломатиялық әрекеттерін көре отырып, Осман мемлекетімен сауда қатынастарын тезірек жақындастыруды қолға алады. П.А.Толстой мұндағы еуропалықтардың саудадағы әрекеттерін көре отырып, осман саудасына үлкен қызығушылықпен және қызғанышпен қарайды. Ол Стамбулдағы француз дипломатиясының қызметтерін сипаттай отырып, француздардың сыртқы саясаттағы ұстанымдарын көрсетеді. Елші француздардың түрік базарларындағы сауда-саттық әрекеттері мен олардың ағылшын және голландық көпестерді түрік базарларынан біртіндеп ығыстырып шығару жоспарларын анықтады. Ол «француз саудагерлерін қызықтырған басты тауар түрік шұғасы болды» - деп көрсетіп, француз көпестерінің ағылшындар мен голландықтарды бұл тауарға жақындатқысы келместен, түрік шұғасын тікелей Францияға тасуды көздегенін» айтады. П.А.Толстой өз естеліктерінде Францияның Осман империясын сыртқы саудадағы ең жақын әріптесіне айналдыруды ойластырғанын баяндайды. Француз көпестерінің әрекеттерін сипаттай отырып, олардың ағылшындар мен голландықтарды ығыстырғанын айтады [16, 31 б.]. Бірақ, француздардың Осман империясында бұлай әрекет етуінің өзіндік себептері де бар. Өйткені, Осман империясы мен Франция

арасында сыртқы саясатта достық және сыртқы саудаға байланысты капитуляциялық келісімшарттар бар еді. Оның басты дәлелі ретінде айтар болсақ, Францияның Осман империясында басқа Еуропа елдерімен салыстырып қарағанда консулдықтары көп еді. Оның консулдықтары Осман империясының провинциялары Алеппода (Халеб), Измирде, Каирде, Бейрутте, Триполиде, Кипрде және басқа аймақтарда да болды. Осман империясына француздар алтын және күмістен, болаттан, шұғадан жасалған өнімдерді алып келетін болған [17, 214 б.].

Расында да бұл кезеңде еуропалық мемлекеттер Осман империясымен сауда жасауға қатты талпынатын еді. Өйткені, Осман мемлекеті өзінде өндірілген өнімді еуропалықтарға арзан бағамен сататын болған. Ал, еуропалықтар өздерінің тауарларын Осман империясының территориясында қымбат бағамен сатып отырды. Осыған байланысты, еуропалықтар Осман мемлекетімен сауда жасауға асығып, тіпті бір-бірімен бәсекелестікке түсіп отырған. Олардың ішінде француздар мен ағылшын көпестері белсенді әрекеттер жасаған. Осы уақытта Осман империясында француздардың сауда әрекеттерін бақылауға алған П.А.Толстой, француз көпестерінің Осман империясындағы сауда-саттық әрекеттерін хабарлайды. Оған кейбіреулері кемелерде сауда жасайтынын белгілі болды» П.А.Толстой «түрік жерлерін француздар соғыссыз және ұрыссыз отарлауда» деп қорытынды жасайды. [18, 56 б.]. с.Әрине мұндай факторлар кейіннен сыртқы саясаттағы жоспарларға алғышарт болуы әбден мүмкін. Өйткені, XVI-XVII ғ.ғ. Осман империясының Еуропада құдіреті тасып тұрған шақта еуропалық мемлекеттер онымен одақтас болуға асыққан болса, 1683-1699 жылдары Польшамен, Ресеймен, Венециямен, Австро-Венгриямен төрт майданда соғысып жеңіліске ұшыраған Осман империясының әлсіреп тұрғанын пайдаланғысы келген еуропалықтар енді біртіндеп оның территорияларына ішкерілей ене бастаған еді [19, 98-99 б.].

П.А.Толстой Осман империясындағы ағылшындардың сауда әрекеттеріне қатысты пікірлері әлдеқайда тұрақты болды. Ағылшындарды түріктердің өнім нарығы қызықтырды. Ағылшындар мен түріктердің сауда әрекеттері негізі XVI ғасырда басталып, сол кезден бері үздіксіз жалғасады. Елшінің айтуына қарағанда, ағылшындар түріктерге қажетті болып табылатын шикізаттарды экспорттай отырып, (шұға, қалайы, қорғасын, болат т.б.) сауданы керемет жасайтын болған. Бұл ретте ағылшын дипломаты Лорд Пажеттің және басқа да дипломаттардың 1699 жылы жасалған Карлович келісімшартында белсене қатысуы – Англияның Осман империясымен жақсы қатынаста болуының басты дәлелі болып табылады [20, 592-593 б.]. Сонымен қатар, осы уақытта халықаралық қатынастарда Англияның осман империясын қолдаушы екендігі анық байқалды. Әрине, мұнда Англияның сыртқы саяси, экономикалық мақсаттарға бағытталған геостратегиялық және геоэкономикалық жоспарлары болатын.

Осман империясының Англиямен, Франциямен Голландиямен, Австриямен, Польшамен, Венециямен және Рагузамен жасаған сауда қарым-қатынасы туралы мәліметтер П.А.Толстойды қатты алаңдатты. Ол аталған

мемлекеттердің Осман мемлекетімен сауда жүргізуінде пайданың мол екендігін жақсы түсінді [21, 52б.]. Еуропалықтардың Осман империясындағы сауда қатынастарының деңгейіне тоқталуымыздың себебі, Ресей елшісі П.А.Толстой еуропалықтар мен Осман империясы арасындағы осы аталған жағдайды I Петрге түсіндіре отырып, Осман империясы мен Ресей арасында осындай сауда қатынастарының жандандыру қажеттігін алға тартқан.

Өзінің жазып қалдырған естеліктері мен Ресей үкіметіне берген саяси есептерінде П.А.Толстой орыс-түрік саудасына, сондай-ақ оның барысы мен келешегіне мән бере отырып, осман үкіметіне сауда қатынастарын жақсарту туралы көптеген ұсыныстар жасайды. Ол Осман империясындағы еуропалық елшілердің Ресейге деген ұстанымдарына мән бере отырып, [22, 78-79 б.]. Олардан осман үкіметімен жасасқан сауда келісімдерінің маңыздылықтарына тоқталады. Бұл ретте П.А.Толстой саяси және экономикалық мақсаттарға байланысты еуропалық державалардың Осман империясындағы қарым-қатынастарының қызығушылығын жақсы түсінген. Елші, «еуропалықтар Солтүстік соғыстағы жағдайларды пайдалана отырып, орыс саудасының негізгі бағыттарын Батыс Еуропаға бағыттауға тырысты» - деп жазады. Бірақ, елші ол кезде Ресейдің сауда қатынастарын Осман империясына бағыттаудың қажет екендігін жақсы білген. Одан көбірек пайда табуға болады, әрине осы державалар орыс көпестері түрік базарында пайда болғанына қарсы болды. П.А.Толстой Францияның Қара теңіз арқылы сауда жүргізу құқығын алғысы келгендігін және бұл жолда біраз әрекеттенгенін, алайда оның бұл ниетіне жете алмағандығын көрсетеді [23, 39-40 б.б.].

Еуропалықтардың сауда ісіндегі әрекеттерін өзіне сыртқы саудадағы бір қауіп ретінде түсінген Ресей үкіметі, осылайша, осы аталған түрлі кедергілердің алдын алу үшін, 1700 жылдардың басында Осман империясымен тек бейбітшілікке ғана емес, сондай-ақ сыртқы сауданы дамытуға ұмтылды. Бұл кезде еуропалық мемлекеттерді өзінің батыстағы саяси және экономикалық бәсекелесі деп қабылдаған Ресей, Солтүстік Еуропа елдерімен орыс саудасының қысқаратындығын жариялады. П.А.Толстой өз баяндамаларында хабарлауына қарағанда, Осман империясы да Ресеймен сауда қатынастарын орнатуға кең қызығушылық танытқан [24, 43 с. б.].

П.А.Толстой Қара теңізде сауда қатынастарын жүргізуді жолға қойып, ол үшін 1703 жылы Қара теңізде Осман мемлекетінің кемелерін пайдаланды. Өйткені, біріншіден, Қара теңізде орыс кемелерінің жүзуіне рұқсат болмады, екіншіден Ресей тарапынан теңізде жақсы жүзетін кеме де жоқ еді. 1704 жылы П.А.Толстой Стамбулдың базарларынан [25, 653 б.]. Ресейге құрғақ жеміс, сірке, шарап, жылқы, шатыр, мақта мен мақта жіптерін және басқа да күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдарды көптеп, Мәскеуге жөнелтті. Елшінің мұндай әрекетке кірісуінің себебі, бұл бұйымдар Осман империясында арзан, ал Ресейде тапшы еді. Оның бұл әрекетін жергілікті билік пен саудагерлер қызу қолдап, алынған тауарларын Қара теңіз арқылы Ресейге жөнелтуге көмектесті. Бұл әрекеттерден соң, Ресей үкіметі Осман империясымен сауда қатынастарын реттеуге әрекеттеніп, 1704 жылы елші

П.А.Толстой, орыс-түрік осман үкіметіне жаңа сауда байланыстарын орнату туралы осман үкіметіне ұсыныс білдіреді [26, 279 б.]. Көрші елдермен сауда қатынастарын орнатуды әрқашанда құп көрген осман үкіметі, Ресей елшісінің ұсынысын жылы қабылдады. Бірақ, келіссөздер барысында бірқатар тартыстар да орын алды. Өйткені, елші П.А.Толстой осман уәзірінен Ресей сауда кемелерінің Қара теңізде еркін жүзуіне рұқсат сұраған еді. Мұнда елшінің мақсаты тек сауда-экономикалық қатынастарға емес, сонымен қатар, саяси жоспарлары да бар еді. П.А.Толстой, егер, осман тарапы Ресейге Қара теңізде сауда жасауға рұқсат беретін болса, онда Қара теңізде осман үкіметінің ықпалы азаятынын түсінді. Біраз ойланып, бір шешімге келген осман басшылығы Ресей сауда кемелеріне Қара теңізде еркін сауда жасауын рұқсат беріп, оған бірқатар талаптар қойды. Ол бойынша:

1. Ресей сауда кемелері тек сауда қатынастарына ғана негізделіп жүруі керек болды.

2. Қара теңіздегі сауда істері Осман империясының валютасы бойынша жүргізіледі және тауарлар тек Осман империясынан ғана сатып алынатын болды.

3. Осман саудагерлері Қара теңізде құл саудасымен де шұғылдануына құқық берілді. Олар соғыстарда қолға түскен тұтқындарды Ресейге апарып сатуға құқылы болды [27, 90-91.б.].

Бір жағынан осман үкіметінің орыс кемелеріне Қара теңізде жүзуіне рұқсат беруінің тағы бір себептері бар еді. Оның ең бастысы, бұл уақытта Еуропадағы ықпалынан айырыла бастаған Осман империясының Ресеймен сауда қатынастарын орнату империя үшін тиімді еді. Оның тағы бір себебі, бұл уақытта еуропалықтар басқа теңіз жолдарын тауып, Стамбул мен Осман империясына қарасты теңіз жолдарымен сауда жүргізбегендіктен, империя қазынасына сауда мен баж салығынан кіретін кірістер азайған еді. Империя экономикасында орын алған осындай келеңсіздіктерді жою мақсатында, осман үкіметі Ресейге Қара теңіздегі сауда жолдарын ашып берді [28, 19 б.].

Ресей мен Швецияның арасында болып өткен Солтүстік соғысы Осман империясы мен Ресей арасындағы сауда қатынастарының нашарлауына түрткі болды. Себебі, швед королі XII Карл Полтава шайқасындағы жеңілістен соң, Осман империясының сұлтаны III Ахмет сұлтаннан көмек сұрап, өз әскерлерімен сонда келеді [29, 16-17 б.]. XII Карл Осман империясының қоластында болған Бендер қамалына келіп, сонда тұрақтайды. Бұл қалашық сауда жолында орналасқандықтан, мұнда сауда қатынасы жақсы дамып, Ресейден Стамбулға баратын орыс саудагерлері осы қаланың үстімен өтетін болған. 1712 жылы мұнда XII Карлдың әскерлері Ресейдегі атақты бай саудагерлерді өлтіріп, олардың барлық мүлкін тонап өздерімен алып кетеді. Мұндай оқиғалар XII Карлдың мұнда келген кезден бастап-ақ орын алатын еді [30, 27 б.].

Мұндай тонаушылықтардан соң орыс-түрік сауда қатынастарында аздап келіспеушіліктер де орын алып жатты. Бұл жағдайлар кейіннен тіпті сыртқы саяси тартыстарға ұласып, Осман империясы мен Ресей арасында 1710-1713 жылдары соғыс та болып өтті. Бұл соғыста I Петр жеңіліске

ұшырап, екі мемлекет арасындағы сауда қатынастары нашарлады. Алайда кейіннен Ресей мен Осман империясының арасында жаңадан келіссөздер орнап, ол екі мемлекет арасындағы сауда қатынастарының жақсаруына септігін тигізді. Осылайша, екі мемлекет арасында орын алған саяси тартыстарға байланысты, сауда қатынастары үзіліп отырған. Кейіннен елшілер арқылы қайта келіссөздер жүргізгеннен кейін ғана сауда қатынастары қайта жанданып отырған. Осман империясы мен Ресей арасында жасалған сауда келіссөздері 1724 жылы болып өткен Стамбул келісімшартында да қарастырылды. Мұнда әсіресе Қырым татарларының екі империя арасындағы сауда қатынастарында [31, 88 б.] көрсеткен белсенділіктері мен кедергілері туралы да келісімдер жасалды. Өйткені, қырым татарлары көп жағдайда орыс саудагерлеріне қысым көрсететін еді. Бұл келісімшарттан кейін де Осман империясы мен Ресей арасындағы сауда қатынастары бір қарқынмен жүріп отырды [32, 19 б.].

Қорыта айтқанда, XVIII ғ. басында өзінің экономикалық әлеуетін арттыру мақсатында, Ресей патшалығы Осман империясымен сыртқы сауданы дамытуға кең қызығушылық танытты. I Петрдің орыс-түрік саудасына осындай сеніммен қарағанда, Осман империясымен сауда жасау Ресей үшін өте маңызды болған. Оның бұл жоспарын сол кездегі Еуропа елдерінің Осман империясымен сауда жасауына асығуымен де дәлелдеуге болады. Олар яғни Англия, Франция, Голландия мемлекеттері Осман империясымен үздіксіз сауда қатынастарын жүргізіп отырған. Бұл жағдай, сол уақыттағы Осман империясында еңбек өнімділігінің арзандылығымен және жаңа технологиялардың дамымауымен түсіндіріледі. Өйткені, еуропалықтар Осман империясынан шикізат алып, оны өңдеп, өзіне екі-үш есе қымбатқа сатып отырған. Бір сөзбен айтқанда, еуропалықтар Осман империясын өздерінің «шикізат базасына» айналдырғысы келді. Ол кезде өзінің саяси және экономикалық ахуалы аз да болса мықты болғандығына сенген осман үкіметі олармен сауда қатынастарын үзбеген. Өйткені, осман қазынасын Еуропа, Азия және Африка провинцияларынан түсетін алым-салықтармен толтыратын еді. Бірақ, осындай кіріске қарамастан, мұның барлығы кейіннен осман экономикасының біртіндеп әлсіреуіне әкелді. Осы ретте, «осман базарын» еуропалықтардан қызғанған Ресей үкіметі, Еуропа мемлекеттерімен бақталастыққа түсті. Бұған, елші П.А.Толстойдың жазып қалдырған естеліктері, түрлі баяндамалары мен саяси есептері куә бола алады. Алайда, Ресей басшылығы өздерінің еуропалықтармен не үшін таласқа түсіп жатқандығын терең түсіне алмады. Өйткені, ол да Осман империясы сияқты көбіне шикізат қорларын ғана сыртқы рынокқа шығара алатын еді. Осыған қарамастан, екі мемлекет арасындағы сауда қатынастары жақсы деңгейге көтерілген. Бұл кезеңде Ресейдің Осман империясымен сауда қатынастарын жүргізуінің саяси себептері де болды. Ресей үкіметі, сауда қатынастары арқылы алдымен Қара теңізге, одан соң Жерорта теңізіне шығуды алыстан жоспарлаған. Сөйтіп, өзінің империалистік мақсаттарын да көздеп отырған. Өйткені, бұл уақытта халықаралық саясатта көрші елдер бір-бірімен сауда-экономикалық және дипломатиялық қатынастар жасау арқылы,



оның экономикалық әлеуеті мен саяси қуатын біліп, содан кейін оған саяси немесе экономикалық қысым жасайтын болған.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

1. İsmail Hakkı Uzunçarşılı, Osmanlı Tarihi, C. III, Kısım I, T.T.K., Ankara 2003, s. 669
2. Shaw, Stanford: Osmanlı imparatorluğu ve Modern Türkiye, C. I, E Yay., İstanbul 2004. s. 519
3. Wolfgang Müller-Wiener, İstanbul Limanı, Çev. Erol Özbek, İstanbul: 2003, s. 244
4. Acar, Kezban: Başlangıçtan 1917'den Bolşevik Devrimi'ne Kadar Rusya Tarihi, Nobel Yay., Ankara: 2004 s. 315
5. Osman Köse, 1774 Küçük Kaynarca Andlaşması, TTK. Yay., Ankara: 2006, s. 402.
6. W. Heyd, Yakın-Dogu Ticaret Tarihi, Çev. Enver Ziya Karal, T.T.K. Yay., Ankara: 2000, s. 787.
7. Mitchell F. R. G. S., Mairin: Rusyanın Denizcilik Tarihi, Çev. Sermet Gökdeniz, Deniz Kuvvetleri Komutanlığı Deniz Basımevi, İstanbul: 1974 s. 215
8. Lee, Stephen J.: Avrupa Tarihinden Kesitler 1494-1789, Dost Kitabevi, Ankara: 2004 s. 269
9. M. Kortepeter, "Ottoman Imperial Policy and The Economy of The Black Sea Region in The Sixteenth Century", Journal of The American Oriental Society, Vol. 86, No. 2, (Apr.-Jun., 1966), s. 86-90; Tuğın, Cemal: Boğazlar Meselesi, İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Yay., İstanbul: 1947 s. 28.
10. Tekin, Zeki: "Osmanlı Devleti'nde Kürk Ticareti", Türkler, C. X, Yeni Türkiye Yay., Ankara: 2002, s. 810
11. Kurat, Akdes Nimet: Rusya Tarihi, T.T.K. Yay., Ankara: 1999 s. 537
12. Pakalın, Mehmet Zeki: Osmanlı Tarih Deyimleri ve Terimleri Sözlüğü, C. I-II, MEB. Yay., İstanbul: 1993, s. 637
13. Nekrasov, M.: "XVI. Yüzyılda Rus-Osmanlı Ekonomik ilişkileri", Türk-Rus ilişkilerinde 500 Yıl, T.T.K. Yay., Ankara: 1999, s. 93-94.
14. Massie, Robert K.: Peter The Great His Life and World, London: 1990 s. 238
15. BOA, Rusya Ahidname Defteri, Nr: 83/1, h. 24, s. 15, Mısır valisine ve kadısına hüküm, Evahir Zilhicce 1115 (Nisan-Mayıs 1704).
16. İnalcık, H. The Ottoman Empire. The Classical Age 1300 – 1600 İstanbul, 1973. – С.57
17. Фрейденберг, М.М. Дубровник и Османская империя [Текст] / М.М. Фрейденберг. - 2-е изд. – М.: Наука, 1989. – С.303
18. Орешкова, С.Ф. Русско-турецкие отношения в начале XVIII века – М.: Наука, 1971. – С. 56
19. Абдукадыров Н. М. Осман империясы мен Еуропа мемлекеттері арасында жасалған Карлович келісімшарты. // әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №3 (66). Алматы.Қазақ Университеті

2012 ж. 97-101 б.б.

20. İsmail Hakkı Uzunçarşılı. Osmanlı tarihi III cilt 2 kısım 5 baskı «Türk tarih kurumu basımevi» Ankara 1995 s 672
21. Мейер, М.С. Османская империя в XVIII веке. Черты структурного кризиса [Текст] / М. С. Мейер. – М.: Наука, 1991. – 261 с.
22. Арунова М. Р. «Описание...» П. А. Толстого как источник по истории Османской империи. — Ближний и Средний Восток (История, культура, источниковедение). Сборник статей в честь 70-летия проф. И.П.Петрушевского. М., 1968;
23. Орешкова С.Ф. Османская империя и Россия в свете их геополитического разграничения // Вопросы истории. – 2005. - № 3. - С. 34-46.
24. Михнева, Р.С. Россия и Османская империя в международных отношениях XVIII в. [Текст] / Р. С. Михнева. – М.: Наука, 1985.
25. Defterdar Sarı Mehmed Pasa: Zübde-i Vekayiât, Haz. Abdülkadir Özcan, TTK., Yay., Ankara: 1995 s. 756.
26. Zeki Arıkan, “Osmanlı imparatorluğu’nda ihracı Yasak Mallar (Memnu Meta)”, Bekir Kütükoglu’na Armagan, İstanbul: 1991, s. 302.
27. Kurat Akdes Nimet: Prut Seferi ve Barışı. T.T.K. Yay., Ankara: 1951. s. 118
28. Zübeyde Günes Yagcı, “16. Yüzyılda Kırım’da Köle Ticareti”, Karadeniz Arastırmaları, S. 8, Çorum: 2006, s.
29. Турция накануне и после Полтавской битвы: глазами австрийского дипломата : (документы). Johann Michael von Thalmann, Вениамин Ефимович Шутой. – М.: Наука, 1977 – С. 104
30. BOA, Rusya Ahidname Defteri, Nr: 83/1, h. 98, s. 27,
31. Alan Fisher, “The Ottoman Crimea in The Sixteenth Century”, Harvard Ukrainian Studies, Vol. 5, No. 2, June (1981), s. 142.
32. Eryılmaz, Bilal: Osmanlı Devletinde Gayrimüslim Tebaanın Yönetimi, İstanbul: 1996 Eryılmaz, s. 115. Defterdar Sarı Mehmed Pasa, a.g.e., s. 695.